

"Карантин белгілеу туралы" Солтүстік Қазақстан облысы әкімдігінің 2020 жылғы 19 қыркүйектегі № 246 қаулысына өзгеріс енгізу туралы

Күшін жойған

Солтүстік Қазақстан облысы әкімдігінің 2020 жылғы 14 қазандағы № 283 қаулысы. Солтүстік Қазақстан облысының Әділет департаментінде 2020 жылғы 14 қазанда № 6588 болып тіркелді. Күші жойылды - Солтүстік Қазақстан облысы әкімдігінің 2020 жылғы 20 желтоқсандағы № 338 қаулысымен

Ескерту. Күші жойылды - Солтүстік Қазақстан облысы әкімдігінің 20.12.2020 № 338 (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

Қазақстан Республикасының 2002 жылғы 10 шілдедегі "Ветеринария туралы" Заңының 10-бабы 1-тармағының 2) тармақшасына, Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Заңының 27-бабы 2-тармағына, Қазақстан Республикасының 2016 жылғы 6 сәуірдегі "Құқықтық актілер туралы" Заңының 26-бабына, Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрінің 2015 жылғы 9 ақпандағы № 7-1/86 "Шектеу іс-шараларын және карантинді белгілеу немесе алып тастау қағидаларын бекіту туралы" бұйрығымен (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 10414 болып тіркелді) бекітілген Шектеу іс-шараларын және карантинді белгілеу немесе алып тастау қағидаларының 4-тармағы 1) тармақшасына сәйкес, "Карантинді белгілеу туралы" Солтүстік Қазақстан облысы бас мемлекеттік ветеринариялық-санитариялық инспекторының 2020 жылғы 13 қазандағы № 01-04/988 ұсынымы негізінде Солтүстік Қазақстан облысының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Солтүстік Қазақстан облысы әкімдігінің "Карантин белгілеу туралы" 2020 жылғы 19 қыркүйектегі № 246 қаулысына (2020 жылғы 19 қыркүйекте Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің электрондық түрдегі эталондық бақылау банкінде жарияланды, Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 6539 болып тіркелді) мынадай өзгеріс енгізілсін:

көрсетілген қаулының қосымшасы осы қаулының қосымшасына сәйкес жаңа редакцияда жазылсын.

2. "Солтүстік Қазақстан облысы әкімдігінің ветеринария басқармасы" коммуналдық мемлекеттік мекемесі Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен қамтамасыз етсін:

1) осы қаулыны "Қазақстан Республикасының Әділет министрлігі Солтүстік Қазақстан облысының әділет департаменті" республикалық мемлекеттік мекемесінде мемлекеттік тіркеуді;

2) осы қаулыны ресми жариялағаннан кейін Солтүстік Қазақстан облысы әкімдігінің интернет-ресурсында орналастыруды.

3. Осы қаулының орындалуын бақылау Солтүстік Қазақстан облысы әкімінің жетекшілік ететін орынбасарына жүктелсін.

4. Осы қаулы оның алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

*Солтүстік Қазақстан облысының
әкімі*

К. Аксакалов

Солтүстік Қазақстан облысы әкімдігінің
2020 жылғы 14 қазаны № 283 қаулысына
қосымшасы

Солтүстік Қазақстан облысы әкімдігінің
2020 жылғы 19 қыркүйектегі № 246
қаулысына
қосымшасы

Жұқпалы құс тұмауы ауруының пайда болу жағдайына байланысты карантин белгіленген Солтүстік Қазақстан облысының аумағында орналасқан елді мекендері

Елді мекеннің атауы	
1	Айыртау ауданы
2	Ақжар ауданы
3	Аққайың ауданы
4	Ғабит Мүсірепов атындағы аудан
5	Есіл ауданы
6	Жамбыл ауданы

7	Қызылжар ауданы	Вагулин ауылдық округінің Красный Яр ауылы; Налобин ауылдық округінің Налобин ауылы; Якорь ауылдық округінің Ольшанка ауылы; Лесной ауылдық округінің Пресновка ауылы; Якорь ауылдық округінің Якорь ауылы
8	Мағжан Жұмабаев ауданы	Б у л а е в қ а л а с ы ; Қарақоға ауылдық округінің Қарақоға ауылы; Конюхов ауылдық округінің Куломзин ауылы; Лебяжин ауылдық округінің Лебяжье ауылы; Бәйтерек ауылдық округінің Новый быт ауылы; Чистов ауылдық округінің Чистовское ауылы
9	Мамлют ауданы	М а м л ю т к а қ а л а с ы ; Новомихайлов ауылдық округінің Новомихайловка ауылы
10	Тайынша ауданы	Тихоокеан ауылдық округінің Алабота ауылы; Рошин ауылдық округінің Димитровка ауылы; Киров ауылдық округінің Ильич ауылы; Рошин ауылдық округінің Краматоровка ауылы; Чкалов ауылдық округінің Чкалов ауылы
11	Тимирязев ауданы	Ақжан ауылдық округінің Ақжан ауылы; Тимирязев ауылдық округінің Белоградовка ауылы; Держинск ауылдық округінің Держинское ауылы; Тимирязев ауылдық округінің Тимирязев ауылы
12	Шал ақын ауданы	С е р г е е в к а қ а л а с ы ; Сухорабов ауылдық округінің Сухорабовка ауылы